




12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Өмір сүру салты тарихы





Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Өмір сүру салты тарихы  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

**Мақсаты:** «Тарихи антропология» қарастыратын мәселелердің бірі өмір сүру салты. Бұл бағыт ресей тарихнамасында «история повседневности» деген атаумен кеңінен тараған. Осы дәрісте тарихи антропологияның қалыптасуында маңызды орын алатын осы бағытты қарастырамыз.

## Негізгі идеялары:

### 1.Германиядағы өмір сүру салты тарихы (80-90 жылдар)

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Германиядағы тарихи антропология туралы жоғарыда сөз болған 70 жылдардағы пікірталастар сол кезде академиялық ортада үлкен ықпалға ие болған билефельдтік мектептің теориялық негіздерін осы уақытқа дейін сөз қылған емес. Ал оның көрнекті өкілдері (Ханс-Ульрих Велер, Юрген Кокка, т.б.) тарихты “құрылымдар мен процестерді жағдайлардың, шешімдер мен іс-әрекеттердің шарттары мен салдарлары” ретінде талдауға бағытталған әлеуметтік ғылым (historische Sozialwissenschaft) ретінде қарастырды; бұған қоса, олардың пікірінше, әрекет еткен және шешім қабылдаған адамдардың өздері сол құрылымдар мен процестерді толықтай түсінбеген немесе алдын ала болжай алмаған<sup>18</sup>. Тарихты мұндай көзқараспен қарастырудан марксизм әсерін көру қиын емес: шынымен де, әсіресе адамзат баласының модернизация және индустриализация үдерістері бойынша ортақ бір жолмен прогрессивті дамуына деген сенім тұрғысында билефильд мектебі Маркске көп қарыздар болатын. Дәл сол уақытта марксизм Х.-У.Велер мен Ю.Коккидің теориялық үлгісінде веберандықпен толықты: тарихтың қозғаушы күші ретінде саясат пен мәдениет те экономикамен қатар аталды.

Т.Ниппердай, Й.Мартин, Р.Шпрандель, А.Ничке және олардың пікірлестерінің жоғарыда сипатталған еңбектерінде келтірілген және философиялық мәнде түсінілген тарихи антропология, шын мәнісінде, “тарихи әлеуметтік ғылымның” негізгі ұстанымдарына ешқандай қайшы келген жоқ. Бұған қоса, Фрайбургтегі Тарихи антропология институтын құрушылар тарихи әлеуметтік ғылымның теориялық аясын “антропологиялық бағытта” кеңейтуге ұмтылғаны болмаса, билефильд мектебі қағидаларымен толықтай ынтымақта болды. Есесіне әлеуметтік және мәдени антропологияны (этнологияны) бағдарға алған Геттинген үйірмесінің мүшелері (Х.Медик, А.Людке, Д.У.Сэбиан, т.б.) 80 жылдардың басында-ақ Х.-У.Велер мен Ю.Коккидің тарихи-әлеуметтік мектебі құрылымына бірден сыни ұстанымын білдірді.

Бұл келіспеушілік 1983 жылы наурызда Дюссельдорф университетінде өткен және сондағы материалдар бойынша “Историческая антропология. Человек в истории” (1984) атты жинақ құрастырыған колоквиумда анық байқалды. Осы форумда сөйлеген сөзінде Й.Мартин, алдыңғы еңбектерінде айтқанындай, тарихи антропологияның міндеті - “адам тарихын біртұтас күйде қарастыру”, адамдағы адами нәрселердің (conditio humana) сақталу жағдайын анықтау деп мәлімдеді. Бұл ойын ол әртүрлі қоғамдардағы балалық шақтың тарихын қарастыруға арналған жобалары арқылы нақтылай түсті: бала мен оның тәрбиесін, кезеңдерін, әлеуметтену түрлері мен әдістері туралы түсініктерді зерттеу, т.б. тұспалданды; ол үшін тарихшы, индолог, синолог, дәрігер, психолог, педагог, социолог, т.б. түрлі сала мамандары тартылды. А.Ничкенің мінез-құлықты тарихи зерттеу жөніндегі өзі әзірлеген теория тұрғысынан балалық шақ тарихын пайымдау туралы айтылған баяндамасы да дәл сол тақырыпқа арналды (Historische Verhaltensforschung).

Шын мәнінде, қандай да бір пікірталастан жұрдай бұл екі хабарламадан айырмашылығы, Х.Медиктің сөзі толықтай полемикалық болды. Ең әуелі, ол айқындаушы құрылымдар мен әрекет етуші субъекттердің тұрмысы және өмірдегі жағдайлар мен осы адамдар тәжірибесі арасындағы өзара күрделі байланысты қалай түсінуге болады деген принциптік әдістемелік сұрақ қойды. Х.Медиктің пікірінше, “Тарихи әлеуметтік ғылым” бұл сұраққа әлі жауап берген жоқ. Бұл арада саясат, экономика және мәдениет сияқты, келесі каузальді тәуелділікті анықтау мақсатында тарихи үдерісті жіктеуді ұсынатын көпірме қосалқы жүйелер, өлшемдер немесе факторлар да көмектеспейді. Дегенмен, баяндамашы атап өткендей, тарихи құбылыстар мен үдерістерді субъективті мәні мен мағынасы негізінде ғана түсіндіруге тырысу аңғалдық болар еді. Х.Медик айтқандай, әлеуметтік тарихтың осы “тығырықтарын” көрсету оны да, оның әріптестерін де әлеуметтік және мәдени антропология бойынша еңбектерді зерделеуге ынталандырды. Жоғарыда аталған проблемаларды шешудің жемісті тәсілдерін дәл сол арадан табу мүмкін болды. Ол әрі қарай, өз пікірінше, тарихшылардың антропологияға жүгінген үлгілеріне (Н.З.Дэвис, Ж.-К.Шмитт, Э.Ле Руа Ладюри, Э.П. Томпсон, т.б. еңбектері) сілтеме жасайды. Адамдардың субъективті тәжірибесіне қол жеткізу жолдарын іздеудің герменевтикалық қиын жағдайында тарихшыға К.Гирцтің “қанық бейнелеу”



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Өмір сүру салты тарихы  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

және символикалық формаларға (сөздер, кескіндер, институциялар, мінез-құлық формалары) талдау принципін ұсынған “түсінушілікпен қарайтын” этнологиясы көмектесе алады. Бұл тәсілдердің барлығы өзінің төл мүддесінен туындай отырып, адамдардың субъективтік тәжірибесі тұжырымдамасын дамыту үшін қолданылады. (Бұл баяндама кейінірек Х.Медиктің “Миссионеры в лодке? Этнологические методы познания как вызов социальной истории” атты мақаласында қайта өңделді. 1984-1995 жылдары аталған мақала неміс және ағылшын нұсқаларында 4 рет қайта басылды).

Тарихшылардың геттингендік тобы мен билефельд мектебі арасындағы пікірталасы көп жылға созылды. Оны тарихнаманың ары қарайғы дамуына сай бағалай отырып, екі тарап пікірінің де өзінше дұрыс екенін аңғаруға болады. Медик пен басқа да геттингендіктер “тарихи әлеуметтік ғылымда” нақты бір тірі адамдар емес, әлдеқандай абстрактілі күштер әрекет ететінін әділ атап өтті. Сонымен бірге, Ю.Кокканың “синтез жасау барысында микротарихшылар жалпылай жинақтаушы әлеуметтік-тарихи ұғымдар мен үдерістерден сырт айнала алмайды” деген тұжырымы өте дұрыс болып шықты. 90 жылдары Х.Медик, Ю.Шлюмбом, А.Людке, Д.У.Сэбиан монографиялары жарыққа шыға бастағанда бұл айқын болды. Сөйтіп, Ю.Кокканың тура, “қосулы” бақылау мен тарихи шындықты түсінудің мүмкін еместігі туралы ескертпесі, сөзсіз негізделді және Дж.Леви, Р.Шартье, т.б. гирцизмнің қауіптілігі жөніндегі жоғарыда қарастырылған сынымен үндесті.

“Тарихи антропология” терминімен қатар, Германияда 70 жылдардың соңынан бастап басқа бір атау - өмір сүру салты тарихы (Altsgeschichte) атақты бола түсті, Ю.Кокка жалпылама мағынада соны пайдаланды. Ақырында, тап осы ұғым антропологиялық бағыттағы тарихтың немісше бренді ретінде қарастырыла бастады. Бұл жетістіктің әлеуметтік-саяси сипаттағы салмақты себептері болды.

## 2. Ауыз екі, немесе ауызша тарих

1980 жылдардың басынан бастап Батыс Германияда нағыз тарихи серпіліс қаулады. Өз қаласының немесе қалашығының және өз отбасының өткенін зерделеуге деген жаппай қызығушылық пайда болды. Осылайша, энтузиастар кәсіби тарихшыларға бәсекестік тудырды. “Тарихи шеберханалар” (historische Werkstätten) кеңінен таралды; “ауызекі тарих” - карт адамдардың өз өмірі жайлы естеліктерінің жазбасы көп пайдаланылды. Өмір сүру салты тарихы (Altsgeschichte) немесе “төменнен қарастырылған тарих” (Geschichte von unten) деген атау алған, “кішкентай адамның” өмір тәжірибесі мен басынан кешкен қиыншылықтарына деген бұл қызығушылық қоғамдық өмірді демократияландырудың анағұрлым ауқымды үдерісінің бөлігіне айналды және Германиядағы “жасылдар” мен феминистер қозғалысының туындауымен кездейсоқ тұспа-тұс келген жоқ.

Академиялық ғылым өкілдері, ең алдымен, жоғарыда аталған Х.-У.Велер, Ю.Кокка, т.б. өмір сүру салты тарихын “тарихшы мамандығының негізгі ұстанымдарына зиянын тигізетін, сонылығы аз, дилетанттық әрекет деп сынға алды. Алайда әуесқой-энтузиастардың күнделікті тұрмыс тарихын жасау әрекеті аясында, кәсіби ғалымдар бұл бағыт жөніндегі өз тұжырымдамасын дәл сол атаумен қалыптастырды. Өмір сүру салты тарихын жасауға мүмкіндік берген ішкі ғылыми импульстер арасынан ағылшын тарихшысы Э.П.Томпсон еңбектерінің ықпалын, этнологтар мен әлеуметтанушылар жұмысына қызығушылықты, т.б. атауға болады.

Өмір сүру салтының ғылыми тарихын дайындауға Геттингендегі Макс Планк атындағы қоғам тарихы Институтының қызметкері А.Людке қомақты үлес қосты. Институттағы әріптесі әрі пікірлесі Х.Медик сияқты, ол Ю.Кокка мен Х.-У.Велермен көп жыл бойы пікірталасқа түсті, бұл пікірталастың өткір болатыны, қарсыластары тәрізді Людке де неміс тарихының дәл сол кезеңімен айналысқан, бірақ қарсыластары зерттеудің басқа тәсілдерін қолданған. Оның назарын ең алдымен XIX-XX ғасырдағы германиялық жұмысшылардың тарихы аударды, ал негізгі сұрақ - пролетарийлердің өздеріне таңылған ойынды, фабрикадағы тәртіпті, ұлтшыл-социализм идеяларын, т.б. қабылдау немесе қарсылық көрсету мәселесі төңірегінде болды. Оның тұжырымдамасындағы түйінді нәрсе - аударылуы қиын “Eigensinn” (“өз еркі болуы”, “өзін өзі сыйлау”) ұғымы. А.Людке атап көрсеткендей, жұмысшылардың зауыт басшылығына тәуелділігі абсолютті емес; фабрикадағы тәртіпке қарамастан, олар жұмыстағы рұқсат етілмеген үзілістер, ойына келгенін істеу, т.б. арқылы өзін өзі танытуға, өз еркін білдіруге тырысты.

1980 жылдардың соңына қарай өмір сүру салты тарихы жалпыға бірдей мойындалған ғылыми бағытқа айналды, ГФР аясынан сыртта да таныла түсті (қараңыз, А.Людкектің редакциясымен 1989 жылы Германияда, 1995 жылы ағылшынша аудармасымен АҚШ-та шыққан мақалалар жинағы). Бұл бағыт тарихшылары нацизм құбылысын қарастыруға үлкен үлес қосты және оны ішінен, яғни Германиядағы



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Өмір сүру салты тарихы  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

фашистік диктатураның нұсқауымен ерікті-еріксіз түрде қатысқан қарапайым адамдардың көзқарасы тұрғысынан салмақтады. Бұл бағытты тұтастай сипаттай отырып, оның антропологиялық бағыттағы тарихтың басқа да түрлерімен (әсіресе, микротарихпен) шүбәсіз жақындығын атап өтуге болады. Алайда, басқа елдерден айырмашылығы, Германияда өмір сүру салты бойынша тарихшылар Ортағасырлық кезеңге және Жаңа дәуірдің басына емес, жақындағы, XX ғасырдағы адамдардың өмірі мен тұрмысын зерделеуге мән берді.

Х.Медик пен Ю.Шлюмбомның микротарих аясында жазылған монографияларының жарыққа шығуы 90 жылдардағы Германия тарихнамасындағы елеулі оқиға болды. Бұл зерттеулердің түпкі ойы - 70 жылдардағы, протоиндустриализация бойынша жобалардан бастау алады. Ю.Шлюмбомның еске алуынша, олардың топтарының жұмыс барысындағы материалдарында сол кездің өзінде микроталдауды қолдану туралы әңгіме қозғалған. 1977 жылы Х.Медик, Ю.Шлюмбом және П.Кридте ұсынған, “протоиндустриализацияның” теориялық үлгісін эмпирикалық тұрғыдан тексеру көпжылдық күш-жігерді қажет етті және тек 90 жылдары ғана іргелі еңбектер жарық көрді.

Х.Медик жергілікті зерттеуі үшін Лайхингенді - Штутгарттан оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 50 шақырым жердегі, Шваб Юрасы тауындағы кішігірім Вюртемберг елдімекенін таңдады. Оның монографиясы «Ткачество и выживание в Лайхингене, 1650-1900. Локальная история как история всеобщая» деген тартымды атаумен аталды және түпкі ойы - “Анналдар” мектебінен шыққан француз ғалымдарының “түбегейлі” тарих рухында жазылған еңбектерін еске түсірді. Автор мәліметтерді егжей-тегжейлі жинастырып, Лайхингеннің барлық тұрғындарының екі жарым ғасыр бойғы өмірдеректерін қайта құрастырды, тігіншілердің осы поселкесінің экономикалық және демографиялық дамуын зерттеді. Жекелеген тараулар киім кию әдебіне, киім - мәртебе көрсеткіші іспетті екеніне, сондай-ақ кітап мәдениеті мен лаухингендіктердің діндарлығына арналды (бұл тараулардың мазмұнымен енді орыс тілінде танысуға болады, Х.Медик еңбегінің жалпы сипаттамасын С.В.Оболенская мақаласынан қараңыз).

Күнөдан арылу үшін оқылатын мәтін мен Лайхингендегі XVIII -XIX ғасырдың басындағы лютерандық тақуалық туралы тарау да ерекше қызығушылық туғызады. Автор сауаттылықтың өрістеу кезеңдері туралы жалпыға ортақ ұғымдар мен модернизация теориясына қарамастан, лайхингендіктердің кітапты бағалағанын және үйлерінде сол кезең үшін айтарлықтай маңызды кітапханалары болғанын көрсетеді: XVIII ғасырдың ортасында лайхингендіктердің үйлеріндегі кітаптардың орташа саны шамамен Тюбинген қаласындағы университет кітапханасындағыдай, ал сол ғасырдың екінші жартысында осынау “артта қалған” поселке тұрғындары тіпті “Швабияның мәдени астанасы” халқына қарағанда кітапқа әлдеқайда бай болды. Ауылдағы осы үй кітапханаларының негізін, М.Вебер суреттегендей, жергілікті, вюртембергтік, тақуалық - протестанттық этика нұсқаларын көрсететін дұғалық және ғаклия-күнөдан тазартушылық әдебиет құрады. Алайда, веберлік үлгіден айырмашылығы, құдайға сыйыну мен еңбексүйгіштікке, төзімділікке екпін түсірген діни ментальдықтың лайхингендік типі, тіпті де экономикалық жетістікті мақсат тұтпады әрі тек күнкөріс қамын ғана ойлайтын жергілікті ұсақ жеке меншікті ортада капитализм мен протокапиталистік құрылымдарды негіздеуге ешқандай ықпал еткен жоқ.

Медик атап өткендей, Лайхингендегі жағдай, әрине, Еуропаға тән емес, бірақ Вюртемберг үшін ол айтарлықтай маңызды және оны Э.Гренди ойлап шығарған “қалыпты ерекшелік” терминімен сипаттауға болады. Мұндай жағдайлардың маңызы сонда - олар орташаландырылған макротарихи тәсілді қолдану барысында әдетте көлеңкеде қалып қоятын мүмкіндіктерін табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шамасы, өтпелі кезеңдерде дәл осындай ерекшеліктер қалыпты болған болуы да ықтимал! Мұны микротарихи зерттеу барысында анықталған жекелеген жағдайларды “орталықсыздандыратын салыстыруға” жүгіне отырып түсінуге болады. Ақырғы нәтижеде бұл тарих ғылымында қазір үстемдік етіп тұрған “орталық көзқарастан” бас тартуға алып келеді, оның бойына “модернизациялау”, “индустрияландыру”, “жеке тұлғалану”, т.б. әмбебап үдерістер тән.

Германияның солтүстік-батысындағы Оснабрюк түбіндегі XVII-XIV ғасырлардағы Бельм шіркеу қауымы туралы Ю.Шлюмбом кітабы да жергілікті микротарих тәжірибесін қозғайды, алайда, Медик еңбектерінен айырмашылығы, ол “түбейгеліктен” үміттенбейді, әлеуметтік теңсіздік, үй шаруашылығы және ауыл қауымдастығындағы отбасы стратегиялары сияқты өзара байланысты бірнеше мәселелерге ден қояды (кітаптың мазмұны туралы жинақта орысша аудармасымен жарық көрген мақаладан да көруге болады). Бельм тұрғындарының екі ғасыр бойғы отбасылық-туыстық байланыстары мен өмірбаяндарын қайта құрастыра келе, автор шаруалар ортасындағы туыстықтың зор мәні тек XVIII ғасырда ғана емес, XIX ғасырда да сақталғаны жөнінде аса маңызды қорытынды жасады. Осылайша, отбасының үлкен патриархалдыдан нуклеар отбасына дейінгі эволюциялану туралы дәстүрлі түсінік орынсыз болып





Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Өмір сүру салты тарихы  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

шықты. Деревнядағы қожайындар мен батырақтардың таптық күрт қарама-қарсылығы туралы да айтуға болмайды; қайта, олардың арасында мүліктік теңсіздік жеке тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесімен жасырылған, “патрон - клиент” үлгісіндегі байланыс болды.

Мартин Дингес орынды ескерткендей, Германиядағы тарихи антропология және өмір сүру салты тарихының жақтастары “тарихи әлеуметтік ғылымға” әзірге балама ұсына алған жоқ, өйткені олар Билефильд мектебі қалыптастырған түсіндіру үлгілері мен теорияларына ашық немесе жасырын түрде тәуелді. Шынымен де, мысалы, Рихард ван Дюльменнің Жаңа заман дәуірінің ерте кезеңіндегі германиялық өмір сүру салты тарихы жөніндегі үш томдық еңбегінде өзгерістер өркениет, секуляризация, нарықтық қатынастарды негіздеу, т.б. үдерістерге сілтемелер көмегімен түсіндіріледі. Германия микротарихшылары бұл қауіпті сезінеді: Х.Медик пен Ю.Шлюмбом өз зерттеулерінде сауаттылықтың таралуы, отбасы түрлері эволюциясы, индустрияландыру іспетті басқа да үдерістердің әмбебаптығы мен бір бағыттылығына келіспейді, алайда олар оның орнына әлдебір басқа біріктіруші үлгілерді ұсына алмайды, сол себепті, тарихи әлеуметтік ғылым құрылымын тіпті терістей тұра, өздері қаламаса да, соған тәуелді екендерін біледі. Х.Медиктің тарихтағы “орталық көзқарастан” арылуға үндеуі әзірге сол күйі тек ізгі ниет болып қалып отыр.

Тарихи антропологияға қатысты айтар болсақ, қазір бұл ұғым Германияда қандай да бір нақты бағытты білдірмейді; ең дұрысы, ол өмір сүру салты тарихы, микротарих, менталитет тарихы, мәдениет тарихы тәрізді басқа да бірқатар туыстас тәсілдер мен бағыттарды біріктіре отырып, жинақтаушы мәнге ие болады. Бұл плюрализм 1993 жылы “Бойлау” баспасынан Р.ван Дюльмен, А.Людке, Х.Медик және М.Миттерауэр редакциясымен шығып келе жатқан “Историческая антропология: Культура. Общество. Повседневность” журналында көрініс тапты. Осылайша, бірінші жылы журнал беттерінде К.Гинзбургтің микротарих туралы бағдарламалық мақаласы, “әйел тарихы”, семиотика, кино тарихы, т.б. еңбектер жарық көрді. Журнал антропологтарға өз еңбектерін жариялауға барынша мүмкіндік берді; этнологияның ішкі мәселелерімен қатар, оның тарихпен қарым-қатынасы да талқыланды.

1992 жылдан бері Берлин Ерікті университетінің тарихи антропологиялық ғылыми-зерттеу орталығында Кристоф Вульф редакциясымен шығатын келесі бір журнал - “Paragrana” беттерінде тарихи антропология бойынша көрініс тапқан материалдар тіпті сан алуан және әртекті.

## Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

## Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.